

"Павлодар қаласы аумағын көріктендіру қағидасын" бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 2010 жылғы 31 наурыздағы N 25/23 шешімі. Павлодар облысы Павлодар қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 30 сәуірде N 12-1-155 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы N 107/13 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 20.12.2012 N 107/13 шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 3-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 8)-тармақшасына сәйкес, қалалық мәслихат

Ш Е Ш І М

Е Т Е Д І :

1. "Павлодар қаласы аумағын көріктендіру қағидасы" бекітілсін.
2. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес Павлодар қалалық мәслихаты шешімдерінің күші жойылды деп саналсын.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың тұрақты комиссияларына жүктелсін.
4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткеннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Т. Мирошниченко

Қалалық мәслихаттың хатшысы

М. Желнов

Павлодар қалалық мәслихатының
2010 жылғы 31 наурыздағы
N 25 / 23 шешімімен
бекітілді

Павлодар қаласы аумағын көріктендіру қағидасы

Осы Қағида Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, Қазақстан Республикасының Жер Кодексіне, Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексіне, Қазақстан Республикасының Су Кодексіне, Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Табиғи және техногендік сипаттағы

төтенше жағдайлар туралы", "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңдарына, басқа нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді.

1. Жалпы ережелер

1. Павлодар қаласы аумағын көріктендіру қағидасы (бұдан әрі - Қағида) тұратын ортаны жайлы етіп жасау және қолдау жөніндегі іс-шаралар кешенін өткізуді, объектілердің жай-күйі мен көріктендіру элементтеріне сәулет, санитарлық, экологиялық сипаттағы негізгі талаптарды анықтайды.

2. Қағида аумақты көріктендіру, санитарлық тазалау, тазалықты сақтау, инфрақұрылым объектілерін күту және қорғау саласындағы құқықтық қатынастарды реттейді, Павлодар қаласы аумағындағы қалдықтарды жинау, шығару, қайта өңдеу және жою тәртібін анықтайды және әкімшілік жауапкершілік қарастырылған бұзушылықтарға норма белгілейді.

3. Павлодар қаласы аумағын көріктендіру, санитарлық тазалау бойынша қызметтерді үйлестіру мен ұйымдастыруды, жинауды ұйымдастыру мен тазалықты қамтамасыз етуді, қаланы көріктендіру және санитарлық күту жөніндегі уәкілетті органдар жүзеге асырады.

2. Қағидада қолданылатын негізгі түсініктер

4. Осы қағидада төмендегідей түсініктер қолданылады:

1) уәкілетті орган - Павлодар қаласының тұрғын үй–коммуналдық шаруашылық саласындағы қатынастарды реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік о р г а н ;

2) аумақты көріктендіру - қаланың әкімшілік аумағында адамның қолайлы, жайлы тіршілік етуін қамтамасыз ететін және тұратын ортаны жайлы ететін жұмыстар мен элементтер кешені;

3) инженерлік желілер мен ғимараттар, байланыс - тұрғындар мен кәсіпорындарды жылумен, сумен, электр энергиясымен, байланыспен қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ қала аумағынан жер үсті суын жинау және бұру үшін тағайындалған инженерлік көріктендірудің аса маңызды элементтері;

4) жасыл желектер - санитарлық-гигиеналық, экологиялық жағдайларды және көріктендіру мен сәулеттік-ландшафттық безендіру (көгалдар, гүлзарлар, ағаштар, көшеттер) деңгейлерін көтеруді қамтамасыз ететін жоспарлау ш е ш і м д е р і н ің элементтері;

5) жер жұмыстары - аумақтарды қазумен, үймелерді жабу, қайтадан жабу, шұңқырларды жасауға байланысты жұмыстар;

6) жер пайдаланушы - қаланың аумағында жер телімі бар жер пайдалануға не болмаса жеке меншікке құқықты заңды немесе жеке тұлға;

7) үй иесі - жеке меншікте үй құрылысы немесе оның бөлігі (еншісі) бар
з а ң д ы н е м е с е ж е к е т ұ л ғ а ;

8) бөлінген аумақ - жергілікті атқарушы органдардың шешімдеріне сәйкес жер иеленушіге объектілерді орналастыру үшін меншікке немесе пайдалануға б е р і л г е н ж е р т е л і м і ;

9) пайдалы сипаттағы ғимараттар - күркелер, павильондар, дүңгіршектер, сауда арбалары, орындықтар, урналар, көше, үй және жарнама белгілері, пошта ж ә ш і к т е р і ;

10) қоғамдық орындар - қоғам пайдаланылатын демалатын аймақтар және объектілер (саябақтар, жағажайлар, скверлер, алаңдар, көлік аялдамалары);

11) көше - жол бөліктері, аяқжолдар, жасыл желектер, жер асты және жер үсті инженерлік желілер орналасқан аумақ;

12) автотұрақ – уәкілетті органмен жобалық-сметалық құжаттаманың негізінде ұйымдастырылған және автомобиль көліктерін орналастыру үшін т а ғ а й ы н д а л ғ а н а у м а қ ;

13) санитарлық тазалау – қалдықтарды жинау, шығару, зиянсыз ету, жою ж ә н е к ө м у ж ү й е с і ;

14) қатты тұрмыстық қалдықтар - бұл пәтерлердегі ағымдағы жөндеуден қалған қалдықтарды қоса алғандағы, тұрғын үй мен қоғамдық ғимараттардың жанында жиналған тұрмыстық қоқыс, жергілікті жылыту кезінде жылытқыш құрылғылардан шыққан қалдықтар, үй керек-жарақтарының ірі заттары;

15) сұйық тұрмыстық қалдықтар - канализацияландырылмаған үй-жайлардың қ а л д ы қ т а р ы ;

16) қалдықтарды жинау - олардың жиналуы белгіленген жерлерден жиналған қалдықтарды қабылдау жөніндегі кәсіпорындардың қызметі;

17) қалдықтарды шығару - белгіленген жерлерге қалдықтарды (қоқысты ауыстырып тиейтін орындарға, қоқысты қайта өңдейтін зауыттарға, полигондарға) тасымалдап шығару.

3. Қала аумағын тазалау

5. Жеке тұрғын үй, шаруашылық субъектілерінің иелері және құрылыс иелері мен оны пайдаланушылар меншіктегі аумаққа қатысты периметр бойынша 10 метр радиустағы шекара төңірегіндегі объектілер, оның ішінде санитарлық қорғайтын аймақ аумағын тазалау және ұстауды іске асырады.

6. Аумақты тазалау және ұстауға мына жұмыстар кіреді:

1) жаяужолдарды тазалау, суару және топырақпен себу;

2) қар мен қоқыстарды шығару;

3) бөлінген аумақ шекарасында суағарлар мен кәріздерді тазалау.

7. Темір жолдар, көпірлер, құламалар, үймелер, өткелдер, темір жолдардан өтетін өткелдер, соңғы рельстерден 50 метр енінен кем емес оқшаулану аймағының шегіндегі аумақтар темір жол ұйымдарымен және осы ғимараттарды іске қосатын өту жолдарының иеленушілерімен тазаланады.

8. Барлық қиратылатын не болмаса бөлшектенетін құрылымдар мен ғимараттардың қоршалынуы, 15 метрден кем емес іргелес аумақ иеленушілерімен және пайданушыларымен тазалануы тиіс. Құрылымды бөлшектегеннен немесе қиратқаннан кейін құрылыс қалдықтары қоқыс жинауға арналған қалалық алаңшаға шығарылады, ал телім рекультивациялауға ж а т қ ы з ы л а д ы .

9. Екі жағынан да 5 метр қашықтықтағы трамвай жолдарын, жер телімдерінің өткелдерін тазалау, егер трамвай жолдары автожолдармен қиылысатын болса, өту бөлігі басталғанға дейін жүргізіледі.

10. Қаланың жол бөлігін тазалау әсіресе түнгі уақытта жүргізіледі.

11. Балалар алаңшасын тазалау және тұрғын үй құрылысы аумағынан жапырақтарды шығару, құзыреті бойынша тұрғын үй жататын кондоминиум объектісінің басқару органымен іске асырылады. Тұрғын үй құрылысы аумағында, скверлер мен саябақтарда жапырақтарды жағуға болмайды.

12. Жалпы пайдаланудағы жерлерде орналасқан квартал іші аумағының санитарлық тазалығын тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган қамтамасыз етеді.

13. Қаланың аумағын санитарлық тазалау жөніндегі көріктендіру айлықтары жыл сайын сәуір-мамыр, қыркүйек-қазанда өткізіледі.

14. Барлық алаңдарда және көшелерде, бақтарда, саябақтарда, вокзалдарда, кемежайларда, базарларда, қалалық көлік аялдамаларында, әуежайда және басқа қоғамдық орындарда, жандандырылған көшелерде бір-бірінен 40 метрден көп емес, аз адам жүретін көшелерде - 100 метр қашықтықта, қалалық көлік аялдамалары орындарында, әрбір жер асты өткелдерінен шығатын жерлерде, сауда орындарында 2-ден аз емес сауыттар жеткілікті түрде орнатылуы тиіс.

4. Қоқыстар мен қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау және шығару

15. Қоқыстар мен қалдықтарды жинау үшін контейнерлерді орнату мамандандырылған кәсіпорындармен іске асырылады.

16. Контейнерлерді орналастыратын алаңдарда су өтпейтін қатты жабынды және кірме жолдары болу керек, контейнерлер әрқашан жарамды түзу жағдайларда, қақпақтары және боялған, қоқыс жинайтын машиналарға қолайлы кіру есебімен 1,8 метрден кем емес 3 жақты керең қоршау болуы тиіс.

17. Контейнерлерді орналастыратын алаңдар ғимараттар мен құрылыстардан

10 метрден кем емес және 100 метрден артық емес қашықтықта орналасуы тиіс. Контейнерлерден алаңдардың соңына дейінгі қашықтық бір метрден кем емес
б о л у ы к е р е к .

18. Контейнерлер саны контейнерлерді пайдаланатын тұрғындар санын, қалдықтарды жинау нормаларын, олардың сақталу мерзімін есептеуден а н ы қ т а л а д ы .

19. Бөлінген аумақтарда қоқыс жинау контейнерлері мен қоқыс жинау алаңдарын ұстауды жер пайдаланушылар, ал жалпы пайдалану жерлерінде қоқыстарды шығару жөніндегі мамандандырылған кәсіпорындар іске асырады.

20. Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау және жою жүйесі қалдықтардың жинақтау-объектілер аумақтарынан әрқашан мынадай кезеңділікпен шығаруды қ а р а с т ы р у ы қ а ж е т :

1) тұрғын үй алаптары үшін - контейнерлерде қоқыс пен қатты тұрмыстық қалдықтардың жиналуына жол бермейтін үй иелері не болмаса пәтер меншік иеленушілер кооперативімен белгіленген кестеге сәйкес, бірақ үш күнге бір реттен кем емес, ал жылы мезгілде (15 градус нөлден жоғары) - күн сайын;

2) қоғамдық және мәдени мақсаттағы нысандар үшін - қажеттілігі бойынша, бірақ аптасына 2 реттен кем емес;

3) ірі көлемді қатты қалдықтар үшін - өтінім бойынша.

21. Қоқыс салғыш камераларды, контейнерлер мен камерадан қалдықтарды шығару орнына іргелес аумақтарды, сондай-ақ контейнерлерді орналастыру алаңдарын ұстау кондоминиум объектісінің басқару органымен немесе ғимарат иелерімен іске асырылады.

22. Қоқыс жәшіктерін, қоқыс жинау бақтарын, контейнерлерді дезинфекциялау санитарлық қағидалар мен нормаларға сәйкес мамандандырылған кәсіпорынмен іске асырылады.

23. Қоқыстарды және тұрмыстық қалдықтарды тазалау:

1) тұрғын үй, ұйымдар, мекемелер мен кәсіпорындар аумақтарынан қоқыс жоюды у а қ ы т ы н д а і с к е а с ы р у ;

2) әрбір мамандандырылған машинаға қозғалыс кестесімен бағдар кестесін қ ұ р а с т ы р у ;

3) пайдалану жағдайларының өзгеруіне сәйкес бағдар кестелерін түзету;

4) бекітілген бағдар кестелерінің міндетті орындалуын қамтамасыз ету;

5) жеке меншік тұрғын үй құрылысын салу аудандарында қатты тұрмыстық қалдықтардан аптасына екі реттен кем емес жоспарлы-реттік тазалау жүйесін іске асыру арқылы қамтамасыз етіледі.

5. Қысқы жағдайларда аумақтарды тазалау және ұстау

24. Қарды тазалау қар көшкіні басталғаннан бастап үймені болдырмау үшін қар мезгілі аяқталғанға дейін тоқтаусыз жүргізіледі.

25. Қар көшкіні біткеннен кейін, автобус аялдамалары аумақтарынан басқа барлық көшелер мен алаңдардағы жаңа түскен қарды біліктер мен үйінділерге қалауға одан кейін тез арада белгіленген жерлерге шығаруға рұқсат етіледі.

26. Қар мен мұз бірінші кезекте жол өткізгіштерінен, магистралды көшелерден және автобус трассаларынан тазаланады және жиналады.

27. Төбелерді қардан тазалау және ернеулерде, төбелерде және су ағызу құбырларында шорларды жою жаяу жүргіншілермен бақытсыз жағдайларды және әуе желілерінің, жарықтандыру аспаптары мен жасыл желектердің бұзылуын болдырмау үшін сақтандыру шараларын, ғимарат пен құрылыстардың иеленушілері және пайдаланушылары жүргізеді.

28. Жинау орындары болмаған жағдайда шатырлардан түсірілген қар дереу шығарылуы қажет.

6. Көшелер мен жол ғимараттарын ұстау тәртібі

29. Көшелер, жолдар және жол ғимараттары мемлекеттік меншік болып табылады және жалпы пайдалануға арналған.

30. Көшелерді ластайтын, көлік құралдарымен тасымалданатын жүктер көшелерді ластау мүмкіншілігін болдырмау үшін мұқият жабылу керек.

7. Қала аумағында жол жабындыларының, жаяужолдардың, көгалдардың және қалалық шаруашылықтың басқа элементтерінің бұзылуына байланысты жұмыстарды жүргізу

31. Қала аумағында жол жабындыларын, жаяужолдарын, көгалдарын және қалалық шаруашылықтың басқа элементтерін бұзумен байланысты жер жұмыстарын, немесе басқа жұмыстар уәкілетті орган берген жазбаша рұқсаты (ордер) болған жағдайда ғана жүргізіледі.

32. Қалпына келтіру, жол жабындысын ашу, көшені, алаңдарды және жалпы пайдаланылатын басқа жерлерді қазу жұмыстарын тоқтатпай жүргізуді талап ететін инженерлік желілердің апаты кезінде 24 сағат ішінде жұмыстарды жүргізуге рұқсатты (ордер) одан әрі ресімдеумен уәкілетті органды, жол полиция органдарына, өртке қарсы қызметтеріне, инженерлік желілердің иелеріне х а б а р л а у ы қ а ж е т .

33. Рұқсат ресімдеу үшін келесі құжаттар қажет:
1) беру өтінімі;

2) жұмыстарды жүргізуге инженерлік желілер мен коммуникациялар иелерімен, сәулет және қала құрылысы саласындағы уәкілетті органмен

к е л і с і л г е н

ж о б а ;

3) инженерлік коммуникациялардың қорғалатын аймақтарының шекарасындағы жасыл желектерді қоспағанда, жолдардың бұзылған элементтерін, көріктендіру элементтерін қалпына келтіру туралы кепілді м і н д е т т е м е ;

4) жасыл желектерді, көгалдарды қосқанда (қажет болған жағдайда) жоюға ө т і н і м .

34. Жоғарыда көрсетілген құжаттардың негізінде уәкілетті орган жұмыстарды жүргізу рұқсат (ордер) береді, ал қажет кезде жасыл желектерді жоюға рұқсат б е р е д і .

35. Қала көшелерінде көлік қозғалысын шектеумен немесе жабумен байланысты жұмыстарды жүргізу кезінде автокөлік қозғалысын жабуға сәйкес рұқсат ресімделеді, ал қоғамдық көлік қозғалысының бағыты өзгерген жағдайда қала тұрғындарына бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабар беру қажет.

36. Қалалық шаруашылық объектілері және құрылыс механизмінің жұмыс аймағы рұқсатнамада көрсетілген жұмыстың аяқталу мерзіміне қарай қалыпты жағдайға к е л т і р і л у і т и і с .

37. Жетілдірілген жабындысы бар көшелердегі, алаңдардағы жер асты құрылыстарын өткізу және қайта орнату, мүмкіндігінше жабындыға зиян келтірусіз жабық тәсілмен (тесу) жүргізілуі тиіс.

Өткізудің ашық тәсілі квартал ішінде, көріктендірілмеген көшелерде, алаңдарда, сондай-ақ жер асты құрылыстарын қайта салу және күрделі жөндеу к е з і н д е жү р г і з і л е д і .

38. Жұмыс басталғанға дейін:

1) қазу шекараларында қоршаулар мен ескертетін сәйкес таңбалар мен ақпараттық жайма тақталар орнатылады;

2) жолаушылар жүру жерлерінде өтпелі көпірлері орнатылады және түнгі уақытта қазу телімдерінің жарықтандырылуы қамтамасыз етіледі;

3) нөсер кәріздерінің тоқтаусыз жұмысын қамтамасыз ету шаралары қ а б ы л д а н а д ы ;

4) жасыл желектер болған жағдайда олардың сақталуын қамтамасыз ететін к е р ең с а у ы т п е н қ о р ш а л а д ы ;

5) өткелдерді немесе жолаушылар өтетін жолдарды жабу қажет болған жағдайда айналым жолдарды дайындалады және объектілер сәйкес таңбалармен б е л г і л е н е д і ;

6) жұмысты жүргізу қолданыстағы нормалар мен ережелерге, сондай-ақ рұқсатнамада көрсетілген жағдайларға сәйкес жүргізіледі;

7) жер асты құдықтарының қақпақтарын, суағызу торлары мен лотоктарын сақтау бойынша шаралар қолданылады.

39. Жұмыс аяқталғаннан кейін:

- 1) қазылған жерлер қысылмайтын материалмен (күм, ұсақ тас) себіледі;
- 2) бұзылған жабындылар мен көріктендіру элементтерін қалпына келтіру бойынша шаралар қайтадан топырақпен себу жөніндегі жұмыс аяқталғаннан кейін екі тәуліктен кешіктірілмей шаралар қолданылады;
- 3) асфальтбетон жабындысын қалпына келтіру және бұзылған көріктендіру элементтерін қалпына келтіру туралы уәкілетті орган және жол полициясы органдарының уәкілдері қатысуымен акт құрастырылады.

40. Жұмыстарды жүргізу шарттарын бұзған, сапасыз қалпына келтірген немесе қалпына келтіру жұмыстарының мерзімдерін бұзған жағдайларда уәкілетті орган жол полиция органдарымен бірлесіп, зиян келтіргені үшін жіберілген бұзушылықтардың жойылуын, шығындардың төленуін талап етуге, кінәлі тұлғаларға шаралар қабылдауға құқығы бар.

8. Жасыл желектерді ұстау, қорғау және жою

41. Жасыл желектерді қорғау және қайта қалпына келтіруге мыналар жатады:

- 1) қоқыстарды тазалау, көгалдарды шабу, қырқу және тырнауышпен тарау, қурап қалған жапырақтарды жинау, арамшөптерді отау, бұталарды күзеу;
- 2) диаметрі 1,5 метрден кем емес ағаштардың баған қуыстарын жасаумен т о п ы р а қ т ы қ о п с ы т у ;
- 3) барлық вегетация мерзім ішінде жасыл желектерді суару;
- 4) бар жасыл қорға ағаштар мен көшеттерді қалпына келтіріп отырғызу;
- 5) ағаштардың бас жағын кесу, қурап қалған бұтақтарды, жаңа өскен, сынған б ұ т а қ т а р д ы к е с у ;
- 6) ескіріп қалған ағаштарды жаңғырту;
- 7) ауру және қурап қалған ағаштарды жою;
- 8) көктем мерзімінде қуыстарды жөндеу, жетпеген топырақты себу, күзгі-қысқы мерзімде отырғызылған ағаштарды суару.

42. Мемлекеттік меншік жерлерінде орналасқан жасыл желектер мен инженерлік құрылымдың аумақтарында тыйым салынады:

- 1) құрылыс материалдарын, топырақты, көмірді, ағаштарды және басқа сусымалы материалдар мен жүктерді жинақтау;
- 2) көгалдарды, гүлзарларды, баған қуыстарын ластау;
- 3) көгалдармен жүру, ағаштарға, бұталарға механикалық зиян келтіру;
- 4) өнеркәсіптік сумен және басқа қалдықтармен жасыл желектер аумақтарын л а с т а у ;
- 5) бау-бақша құралдары мен жабдықтарына зиян келтіру (орындықтар, урналар, қоршаулар мен көгал шарбақтары);

б) автомобильдер құралдарын қоятын жерлер мен тұрақтарды орнатуды ұйымдастыру;

7) от жағу, басқа өртке қарсы ережелерді бұзу;

8) мал жаю, құм, топырақ өндіру;

9) өз еркімен ағаштар мен бұталы көшеттерді кесу;

10) жасыл желектерге зиянды келтіруді тоқтататын жабдықтармен қамтамасыз етілмеген жаңа және қайта салынатын кәсіпорындарды, цехтарды, агрегаттарды және басқа объектілерді іске қосуға енгізу;

11) өз еркімен қоршауларды орнату.

43. Жасыл желектерді сақтау мүмкіншілігі болмаған жағдайда оларды кесуге уәкілетті органдардан рұқсат алуы тиіс. Рұқсатты берудің негіздемесі Павлодар қаласының жасыл қор жөніндегі комиссиясының оңтайлы шешілген қорытындысы болып табылады.

44. Жасыл желектерді жою кезінде мынадай жағдайлар ескеріледі:

1) жасыл қор объектілерінің шаң қорғайтын, жел қорғайтын, газға бекемді және фитоницидті сапалары;

2) негізгі биометриалық көрсеткіштер: өсімдіктердің жасы, бойы, бағана диаметрі, олардың үстіңгі жағының кеңдігі мен қалыңдығы;

3) қалалық объектілердің сәнді және эстетикалық безендіруге ықпалы;

4) олардың сауықтыру ықпалы.

45. Жасыл желектерді жоюға рұқсатты алған жағдайда тапсырыс (өтініш) беруші жұмыс жүргізген жағдайда қалалық бюджетке келесіні төлейді:

1) Тапсырыс берушінің өтініші бойынша сәйкес лицензиясы бар тәуелсіз бағалаушымен белгіленетін, жойылған жасыл желіктердің бағаланған құнын;

2) осы жұмыс түрін атқаратын ұйымдармен белгіленетін, жаңа жасыл ағаштарды отырғызу және оларды бір жыл мерзімінде күтудің бағаланған құнын.

Инженерлік коммуникациялардың қорғау аймақтарының шекараларында орналасқан жасыл желектерді және мектепке дейінгі және мектеп аумағында өсетін жасыл желектерді ескермеген жағдайда.

46. Адамдардың жаппай жиналуымен байланысты қала аумағында жаппай мерекелік іс-шараларды өткізген кезде ұйымдастырушымен көгалдандыру объектілері, сондай-ақ көгалдар мен гүлзарларды сақталуын қамтамасыз ету бойынша жауапты тұлға белгіленеді, осы туралы уәкілетті органға хабарланады.

9. Сыртқы жарықтандыру қондырғыларын және электр желілерін ұстау

47. Қала аумағын жарықтандыру сыртқы жарықтандыру қондырғыларымен (бұдан әрі - СЖҚ) қамтамасыз етіледі, оларға жататындар:

- 1) электржабдықтау құрылғылары, үйлестіру желілері;
- 2) электр желілерін жерге қосу және қорғау құрылғылары;
- 3) басқару құрылғылары;
- 4) кронштейн, арқан аспалар тіректері.

48. СЖҚ ұстауға және қызмет көрсетуге мынадай іс-шаралар кіреді:

- 1) жарықтандыру деңгейін өлшеуді қоса мөлшерлік және сапалық көрсеткіштер тапсырылған талаптарға сәйкес келетін СЖҚ дұрыс техникалық жағдайда ұстау;
- 2) СЖҚ жұмысының реттік тәртібін қамтамасыз ету, кесте бойынша уақытында сөндірілуін және қосылуын бақылау.

49. Темір тіректер, кронштейндер және СЖҚ басқа элементтері жабындының жағдайына қарап, бірақ 3 жылда бір реттен кем емес боялады.

10. Инженерлік желілерді, ғимараттар мен коммуникацияларды ұстау

50. Инженерлік желілер мен ғимараттар техникалық түзу қалыпта, олармен байланысты көріктендіру элементтерін бұзбайтын жағдайда болуы қажет. Көріктендіру элементтерін бұзуға жататындар:

- 1) аумақтың су басы;
- 2) бөлінген және қорғалатын аймақтардың антисанитарлық жағдайы;
- 3) люк қақпақтарының, құдықтар мен камера жабындыларының, нөсер кәріздері мен тартпа торларының дұрыс жағдайда болмауы;
- 4) монтаждау, қайта жабу және пайдалану қағидаларын сақтамау салдарынан бұзылатын жер асты желілерінің үстіндегі қатты және топырақ жабындысының бұзылуы.

51. Жер асты коммуникацияларын салу, күрделі жөндеу немесе қайта салу автомобиль жолдарын, алаңдарды және жалпы пайдаланатын басқа орындарды қайта салу басталғанға дейін жүргізілуі тиіс.

52. Бөлінген аумақ шекарасында мұздан (қысқы мерзімде) және қоқыстардан аумақтарды тазалауды, су алу колонкаларына жақынды жерлерді ұстауды, сондай-ақ су ағынын құруды аула сыртындағы су алу колонкаларының иесі жүргізеді.

11. Тұрғын үй қоры объектілерін көріктендіру

53. Тұрғын үй қоры объектілерін көріктендіру келесіні қамтиды:

- 1) ғимараттарды, шаруашылық және тұрмыстық салымдар мен құрылымдарды техникалық түзу жағдайда күту;
- 2) сыртқы келбеті (қасбеттер) сәулеттік және қала құрылысы нормаларына

с ә й к е с

б о л у ы ;

3) ғимараттардың кіре берісінде көше шырақтарының, үйдің нөмірі мен көшенің (тұйық көшелердің) атау көрсеткіштерінің, бекітілген нормалар мен стандарттарға сәйкес өрт гидрантының флуоресценттік көрсеткіштерінің, қоқыстарды жинауға арналған урналар мен орындықтардың болуы;

4) көп пәтерлі үйлердің кіреберістерінің есіктерінде пәтерлердің нөмірлері б а р т а қ т а л а р д ы ң б о л у ы ;

5) кіреберістердің кіретін есіктерінің дұрыс жағдайда болуы;

6) сәулет және қала құрылысы органдарымен келісілген жоба бойынша ж а с ы л ж е л е к т е р д і о т ы р ғ ы з у ;

7) шөп-шалаң өсімдіктерді уақытында жою, қысқы мезгілде мұзды белгіленген а у м а қ т а ж и н а қ т а у ;

8) балкондарды, лоджийлерді, мансардаларды өртке қарсы және санитарлық қауіпсіздік нормаларына сәйкес ұстау.

12. Автотұрақтарды, базарларды, жағажайлар мен сауда және қоғамдық қоректенудің уақытша объектілерін күту

54. Автотұрақтар, сауда және қоғамдық қоректенудің уақытша объектілері (бұдан әрі – уақытша объектілер) тек қана мақсаты тағайындалу көрсетілген жер телімі бар жағдайда ұйымдастырылады. Көрсетілген объектілерді орналастыру және қызмет көрсету үшін жер телімі уақытша жер пайдалану құқығында б е р і л е д і .

55. Автотұрақтарды және уақытша объектілерді жинақтау, көріктендіру экологиялық, санитарлық, өртке қарсы және қала құрылысы заңнамасы талаптарына с ә й к е с жү р г і з і л е д і .

56. Уақытша объектілер аумығын көріктендіру келесіні қамтиды:

1) объектіден 25 метрден кем емес қашықтықта қоқыстарды жинау үшін контейнерлерді орналастыруға қажетті асфальтталған немесе бетондалған а л а ң н ы ң б о л у ы ;

2) қоғамдық немесе биологиялық дәретханалармен жабдықталуы;

3) санитарлық-эпидемиологиялық, өртке қарсы, экологиялық және қала құрылысы нормаларына сәйкес жабдықталуы және күтілуі;

4) 100 метр радиусінде білім беру мекемелері мен ұйымдарының болмауы.

57. Базарларды көріктендіру және күту келесі элементтер болған жағдайда ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы :

1) кәріздер мен сукұбырлары, нөсер және жібіген суларды ағызуға бейімделген қатты жабындар (асфальт, жұмыр тас, кеспе) болғанда;

2) бөленген аумақтарды жинау, қоқыс жинағыштарды тазалау және олардың

нормативтерге сәйкес тиісті күтілуі;

3) қалалық көлік қозғалысына кедергі жасамайтын кіре берістер мен автокөліктерді уақытша тұрғызу үшін алаңдар;

4) жағажай аумағында 50 метрге жақын жерде салулардың (тұрғын үйлер, ауруханалар, балаларға арналған мектепке дейінгі мекемелер, мектептер) және демалыс орындарының болмауы;

5) жалпы пайдалану жолдарының жолағында жүзеге асыру мақсатында автокөлік тұрағының болмауы.

58. Жағажай және демалыс аймағында урналар жасыл желектердің жолағынан 3-5 метр және су қиылысынан 10 метрден кем емес қашықтықта болуы қажет, жағажай аймағының 50 шаршы метрге бір урнадан кем емес ж а б д ы қ т а л у ы м е н .

59. Жағажайлар аймақтарында дәретханалар 75 келушіге 1 орын есебімен, 50 метрден кем емес және шомылу орындарынан 200 метрден артық емес о р н а т ы л а д ы .

60. Жағажай, жасыл аймақ аумақтарын тазалау және демалыс аймақтарындағы дәретханалардың дезинфекциясы, олардың жабылуынан кейін топырақтың жоғарғы бетін апта сайын қопсытумен, оны жыл сайын қайта с е б у м е н жүргізіледі.

61. Шомылуға арналған жерлерде машиналарды, көйлек-көншектерді жуу, жануарлардың, иттер мен мысықтардың серуендеуі рұқсат етілмейді.

13. Осы Қағиданы бұзғаны үшін жауапкершілік

62. Осы Қағида талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының " Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" кодексінің 387-бабына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

Павлодар қалалық мәслихатының
2010 жылғы 31 наурыздағы
N 25 / 23 шешіміне
1 қосымша

Күші жойылды деп танылуға тиіс нормативтік құқықтық актілердің тізімі

1. Павлодар қалалық мәслихатының 2006 жылғы 6 наурыздағы "Павлодар қаласы аумағының құрылысын салу, көріктендіру және инженерлік қамтамасыз ету қағидасын" бекіту туралы" N 15/22 шешімі (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 12-1-64 болып тіркелген, 2006 жылғы 13 сәуірдегі, 2006 жылғы 20 сәуірдегі "Сарыарқа самалы" N 43, 46 және

2006 жылғы 17 сәуірдегі, 2006 жылғы 8 мамырдағы "Версия" N 15, 16 газеттерінде жарияланған).

2. Павлодар қалалық мәслихатының 2007 жылғы 28 наурыздағы "Павлодар қалалық мәслихатының 2006 жылғы 6 наурыздағы "Павлодар қаласы аумағының құрылысын салу, көріктендіру және инженерлік қамтамасыз ету қағидасын" бекіту туралы" N 15/22 шешіміне толықтырулар енгізу туралы" N 27/31 шешімі (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 12-1-86 болып тіркелген, 2007 жылғы 3 мамырдағы "Сарыарқа самалы" N 51 газетінде жарияланған).

3. Павлодар қалалық мәслихатының 2008 жылғы 5 наурыздағы "Павлодар қалалық мәслихатының 2006 жылғы 6 наурыздағы "Павлодар қаласы аумағының құрылысын салу, көріктендіру және инженерлік қамтамасыз ету қағидасын" бекіту туралы" N 15/22 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" N 99/4 шешімі (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 12-1-105 болып тіркелген, 2008 жылғы 27 мамырдағы "Сарыарқа самалы" N 67 және 2008 жылғы 2 маусымдағы "Версия" N 22 газеттерінде жарияланған).

4. Павлодар қалалық мәслихатының 2009 жылғы 4 маусымдағы "Павлодар қалалық мәслихатының 2006 жылғы 6 наурыздағы "Павлодар қаласы аумағының құрылысын салу, көріктендіру және инженерлік қамтамасыз ету қағидасын" бекіту туралы" N 15/22 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" N 75/15 шешімі (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 12-1-141 болып тіркелген, 2009 жылғы 2 шілдедегі "Сарыарқа самалы" N 75 және 2009 жылғы 6 шілдедегі "Версия" N 26 газеттерінде жарияланған).